

Шеденова Н.У.,
Чинасилова А.М.

**Қазіргі кездегі қоғамдағы
қарт адамдардың әлеуметтік
мәртебесі**

Егде және қарт адамдардың жағдайы қазіргі кезде қоғамда орын алып отырған әлеуметтік, саяси және экономикалық өзгерістерден бөліп қарастыру мүмкін емес. Бұл – тікелей сандық анықтап сипаттауға болмайтын категория. Оған еңбек ету мен бос уақыт, тамақтану сапасы, өмір сүру сапасы, тұрмысының қолайлығы, әлеуметтік институттардың қызмет ету сапасы, қызмет көрсету салалары, күнделік пайдаланатын бұйымдар, қарым-қатынасқа түсу қажеттіліктеріне сапалы қанағаттану деңгейі, сондай-ақ білімге, шығармашылыққа және т.б. көрсеткіштері жатады. Біздің елдегі демографиялық тенденциялар бүкіл әлемде жүріп жатқан үрдістерге ұқсас әрі қартайған жастағы адамдардың абсолютті және салыстырмалы сандық үлесінің қарқынды жүруін сипаттауда. Қазіргі кездегі қазақстандық қоғамда халықтың абсолютті санының құрылымы ұлғаюы және қарт адамдар мен кәрілік жас үлесінің көбейуі экономикалық, әлеуметтік және моральдық этикалық мінез-құлықтың бірқатар салдарына алып келіп отыр. Мақалада қарт адамдардың әлеуметтік мәртебе ерекшеліктері көрсетіледі. Одан кейінгі талдау үшін оның әлеуметтік құрылымы беріледі.

Түйін сөздер: әлеуметтік мәртебе, қарт адамдар, әлеуметтік жағдай, халықтың қартаюуы.

Shedenova N.U.,
Chinassilova A.M.

**Social status of the elderly in
modern society**

The situation of older people in modern conditions is inseparable from the social, political and economic changes occurring in society. This category does not directly quantitative determination. It includes the indicators richness of content of labor and leisure, quality of life, quality of food, quality and fashionability of clothing, subjects of use, luxury housing, quality of functioning of social institutions, sphere of service quality level to meet the needs of communication, knowledge, creativity, etc. Demographic trends in our country similar trends throughout the world and show the absolute and relative increase in the number of elderly persons. This article identifies the main features of the social status of the elderly. For further analysis of the proposed structure of the phenomenon.

Key words: Key words: social status, elder people, an ageing population.

Шеденова Н.У.,
Чинасилова А.М.

**Социальный статус
пожилых людей
в современном обществе**

Положение пожилых и старых людей в современных условиях не отделимо от социальных, политических и экономических изменений, происходящих в обществе. Эта категория не поддается прямому количественному определению. К ней относятся показатели содержательности труда и досуга, качество жизни, качества питания, качества и модности одежды, предметов обихода, комфортности жилья, качества функционирования социальных институтов, сферы обслуживания, качественного уровня удовлетворения потребностей в общении, знаниях, творчестве и т.д.

Демографические тенденции в нашей стране аналогичны тенденциям во всем мире и демонстрируют нарастание абсолютного и относительного количества лиц преклонного возраста. В статье выявляются основные особенности социального статуса пожилых людей. Для его дальнейшего анализа предлагается структура феномена.

Ключевые слова: социальный статус, пожилые люди, социальное положение, старение населения.

**ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ
ҚОҒАМДАҒЫ ҚАРТ
АДАМДАРДЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК
МӘРТЕБЕСІ**

Кіріспе

Қазіргі кезде әлемде халықтың қартаю үдерісі жүруде, яғни қоғамда қарт адамдардың үлесі өсуде. Бұл жағдай көбіне өмір сүру ұзақтығы өсуі мен өсіп-өнудің төмендеуінен туындайды. Сондай-ақ қазіргі кездегі қоғамда қарт адам деп есептеу жасы анықталған, оның негізгі өлшемі болып зейнетке шығу жасы саналады. Ал бұл өз кезегінде жасы бойынша қарт адам болып есептелінетін, бірақ белсенділіктерін жоғалтпай сақтап қалған үлкен топтың пайда болуына алып келді. Бұл үдеріс қазіргі кезеңде әлеуметтік қарым-қатынастар мен қоғамдағы қарт адамдардың хал-ахуалында едәуір өзгерістер енгізуде. Осыған орай қазіргі қазақстандық қоғамдағы қарт адамдардың әлеуметтік мәртебесін қарастыру өзекті болып отыр.

«Әлеуметтік мәртебе» ұғымының келесідей жалпыға ортақ анықтамасымен келісуге болады: әлеуметтік мәртебе – бұл «адамның белгілі бір құқықтары мен міндеттерімен байланысқан топтағы немесе қоғамдағы әлеуметтік орныққан орны» [1]. Бұл – осы топ мүшелерінің басқа мәртебелерімен салыстырмалы түрде анықталған біршамалық өлшем. Ол тек қана индивидтің алып отырған жағдайының объективті көрсеткіштерін ғана емес, сонымен қатар оның осы қоғамдағы беделін де ескереді.

Негізгі бөлім

Халықтың қартаюы – ХХІ ғ. бүкіләлемдік қауымдастықты жаппай қамтып келе жатқан әлемдік көп өлшемді үдеріс болып табылады. «Алматы қаласында шамамен зейнеткерлік жастағы 117 941 мың адам болып табылады.

Қазіргі кездегі қоғамда қарт адамдар – үлкен әрі бірегей емес әлеуметтік топ. Қартаю үрдісі мен қарқыны индивидуалды болғанымен де, қоғамда бір мәртебеден екінші мәртебеге ауысу, яғни егде жас шегі анықталған, ол – зейнеткерлік жасы болып табылады. Ал бұл шектеу егде жастағы еңбек ету белсенділігін сақтап қалған үлкен қарт адамдар тобының құрылуына алып келеді [2]. Әрбір мәртебе қоғаммен бөлінетін және мәдениетпен бекітілген әлеуметтік беделге, иерархиялық

сатыда орынға ие болады. Бедел келесідей бірқатар факторлардың ықпалымен қалыптасады. Олар:

– қоғам даму үшін мәртебенің функционалдық маңыздылығы;

– құндылықтар жүйесі мен мәдениеттің тарихи дәстүрлері.

Ескеру қажет, қазақстандық заңнамамен зейнеткерлік жасаралық нақты белгіленгенмен көптеген қарт адамдар жұмыс жасауын тоқтатпай жалғастырады. ҚР зейнеткерлік жас ерлерге арналған жас 63 жастан, әйелдер үшін – 2018 жылға дейін 58 жастан басталады. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының 11-бабына сәйкес 2018 жылдан бастап әйелдердің зейнеткерлік жасы 2027 жылға дейін жарты жыл сайын 63 жасқа жеткенше көтерілетін болады.

Халықтың қартаюуы – қазіргі кезде өмір сүрудегі әлемдік мәселе болып табылады. БҰҰ эксперттері бойынша Қазақстанды қартаюу үрдісі шапшаң жүріп жатқан елге жатқызды. БҰҰ-ның Қазақстандағы халық санының 2030 жылға берген есебіндегі болжамы бойынша 65 және одан жоғары жастағы тұрғын халық үлесінің 2010-2015 жылдарға қарай 7,2%-ға дейінгі шамаға төмендейтінін көрсетеді. Одан әрі халықтың айқын көрінетін «қартаюу» үдерісі күтілуде, соның нәтижесінде, егде жастағы адамдардың үлесі 2030 жылға қарай 11,5 %-ға дейін өседі. Мұндай болжам қазақстандықтардың лайықты қарттығын ойдағыдай қамтамасыз ету үшін демографиялық үрдістерді есепке алу арқылы әлеуметтік-экономикалық саясат әзірлеудің өзектілігі туралы тұжырым жасауға дәйек болып отыр.

Зейнетке шығу кезеңі ұлғайған сайын жұмысбастылар саны азая береді, еске сала кететіні, бұл процесс әйелдерде ерлерге қарағанда қарқындырақ жүреді. Дегенмен де, зейнетке шыққанда бастапқы бес жылда әйелдер, ерлерге қарағанда еңбектік белсенділік деңгейлерін өте жоғарғы деңгейде сақтап қала алады. Зейнетке шыққаннан кейінгі он жылдық мерзімді өзгерістік кезең ретінде есептеуге болады, осы кезден кейін жұмыс жасайтын зейнеткерлер санының үлесі шұғыл төмендейді [3].

Әлеуметтік қызметкерлер үшін қарт адамдардың өмір сүру салты мен сапа деңгейлеріне, еңбек ету мүмкіндіктері мен ынталарына, денсаулық жағдайларына, әлеуметтік-тұрмыстық хал-ахуалдарына және т. б. байланысты әлеуметтік және психологиялық сипаттағы бірқатар факторлар өте маңызды мағынаға ие.

Қазіргі Қазақстанда егде адамдардың мәртебесі айтарлықтай жоғары емес болып отыр. Бұл берілген әлеуметтік топтың мемлекет және қоғам алдында төмен құндылық ретінде көрінуімен байланысты. Мемлекет егде адамдардан ресурсты әлі көрмейді, олардың тәжірибесінің мүмкіндіктерін және бос уақытын пайдаланбайды. Алайда соңғы уақытта егде жастағы адамдарға қатысты әлеуметтік саясат тек әлеуметтік қамтамасыз етумен ғана емес, сонымен қатар егде жаста белсенді өмір сүру жағдайларын жасау іс-шараларымен айналысуда, олар көбіне бос уақытты өткізу бағдарламалары түрінде.

Егде адамдарды және кәрілікті қабылдау қазіргі қоғамда қарама-қайшы сипатта болуда. Халықтың бір бөлігінде егде жас біртіндеп физикалық және психикалық деградациямен, әлеуметтік өмірден тыс қалумен байланыстырылады, екінші бөлігінде – даналық жасымен және оны қоғам игілігіне пайдаланумен, үшінші бөлігінде – жасалған еңбегіне тиесілі демалыс уақытымен байланыстырылады. Бұндай қарама-қайшылық кәрі болу сипатының бірегейлі еместігінен туындап отыр, ол бір жағынан адамның физикалық және интеллектуалдық қызметтерінің сапасының біртіндеп төмендеуімен байланысты, ал екінші жағынан – басқа ұрпақтарға пайдалы болатын бай өмірлік тәжірибе жинақталатын уақыты болып саналуымен байланысты.

Зейнеткерлердің жұмысбастылық деңгейі зейнетке шыққаннан кейінгі 10 жыл ішінде айтарлықтай жоғары болып қала береді. Д.М. Рогозиннің (2012 ж.) зерттеу мәліметтері бойынша өзгерісті кезең деп 70 жасты санауға болады, оның келуімен жұмыспен айналысатын зейнеткерлердің бөлігінің кенет төмендеуі (14%-ға дейін) байқалады. Еңбек ету қызметінің 70 жас-тан кейін тоқталуының негізгі себептері болып денсаулық жағдайының нашарлауы және егде жастағы адамдар үшін жұмыс жасау маңыздылығының төмендеуі саналады [4].

Еңбек ету қызметінің тоқтатылуы және одан кейінгі әлеуметтік статустың, кіріс деңгейі мен әлеуметтік контактілер санының өзгеруі егде жастағы адамдардың әлеуметтік өмірден тыс қалу қаупінің жоғарылауына жағдай жасайды.

Әлеуметтік мәртебені қазіргі қоғамдағы басты қартаю қаупіне айналуда. Оның себептері ретінде, белгіленген зейнеткерлік жас пен қартаю кезеңінің басталуы арасындағы алшақтық, егде жастағы адамдардың қоғамдағы жылдам өзгерістерге бейімделу қиындықтары, егде адамдарды масыл ретінде қабылдау алынады. Әлеуметтік мәртебе мәселесі халықтың қартаю жағдайында

ерекше өзекті бола бастайды әрі мемлекет пен қоғам деңгейіндегі өзгерістерді талап етеді.

Әлеуметтік мәртебенің болмысы мен табиғатына әлеуметтанулық талдауды Р. Мертон, П. Сорокин, Э. Гидденс және т.б. авторлардың қатары жүргізді. Қазіргі қоғамдағы егде жастағы адамдардың әлеуметтік мәртебесі А.А. Смолькин, Л.С. Ржаницын, Т.В. Смирнова, А.В. Писарев еңбектерінде кең зерттеледі. Алайда егде жастағы адамдардың әлеуметтік мәртебесі мәселесіне айтарлықтай көңіл бөлінсе де, зерттеулердің көбісінде мәселені кешенді түрде талдау көрсетілмеген, тек әлеуметтік статустың бір жағы ғана ашылған: статус әлеуметтік жағдаймен теңдестіріледі, берілген әлеуметтік топтың қоғамда қабылдануына немесе егде адамдар жайлы стереотиптер арқылы сипатталады.

Бейімделуді қарастыруда бірнеше негізгі ыңғайларды бөліп көрсетуге болады: бейімделу (Г. Спенсер, Э. Дюркгейм, М. Вебер, М.Р. Битянова, Е.В. Петрова), әлеуметтік ену (А.Л. Крупенин, Т.Л. Кончанин), субъект пен әлеуметтік жүйе арасындағы өзара байланыс (Т. Парсонс, Ю. Хабермас) және т.б. [5].

Әлеуметтік бейімделуге әлеуметтік біліктілік жағдай жасайды. Бұл түсінікті бірқатар авторлар қарастырған. Әлеуметтік біліктіліктің егде жаста көрінуін белсенді кәрілік (немесе «егде жастағы өмірлік белсенділік») түсіндіріледі, кең мағынада, ол «қартаю барысында адамның өмірін жақсарту мақсатындағы, денсаулықты қамтамасыз ету үшін жағдайларды оптимизациялау, қоғам өміріне қатысу және адамның қорғалу үрдісі» деп түсіндіріледі [6]. Бұл түсінікті қарастырудың түрлі амалдары қалыптасты: айрықша физикалық белсенділік (П. Брегг, А.А. Микулин) және әлеуметтік байланыстардың сақталуы және қоғам өмірінде шамасына қарай қатысу (Р.А. Зобов, В.Н. Келасьев, И.Л. Первова). Егде жаста өмірлік белсенділік егде жастағы адамдардың әлеуметтік тыс қалуының алдын алудың бір жолы болып табылады.

Сонымен, егде адамдардың әлеуметтік тыс қалуының жеке аспектілері әдебиеттерді кең қарастырылса да, кешенді амал құрылмаған. Әдебиеттерде қосылу/тыс қалудың нақты детерминанттары да белгіленген: адамға, әлеуметтік ортаға, адамның ортаға қосылу регуляторлары және қоғамның даму фазаларына тәуелді [7]. Алайда олардың рөлі егде жастағы адамдардың әлеуметтік тыс қалуының алдын алудың бір жолы ретінде ашылмаған. Берілген кешенді амалдың құралуы үшін әлеуметтік статус, әлеуметтік бейімділік және әлеуметтік біліктілік, егде адам-

дардың әлеуметтік тыс қалуы түсініктерінің потенциалын іске қосу жөнді деп саналады.

«Қартаю – бұл индивидуалды деңгейде жас ұлғайған сайын алдағы өмір ұзақтығының азаюына... және қоғам деңгейінде халықтың құрамында егде адамдардың санының көбеюіне әкеліп соғатын құбылыстар тобының жалпы белгісі» [8]. Адам өмірлік белестерден өту барысында жай ғана қартаймайтындығын ескерте кетейік. Егде болған сайын ол жастық, үздіксіз-талғамалы әлеуметтенуден өтеді, яғни талап етілетін және күтілетін рөлдердің жиынтығын меңгереді, және «индивидтің «соңғы» жасы немен толтырылатындығы түгелімен оның өзіне байланысты болады» [9]. Әлеуметтік қартаю келмеуі немесе максималды ұзақ кезеңге созылуы мүмкін. Ол индивидтің қартаюды қоғаммен, іс-әрекетпен және егде адамдардың әлеуметтік рөлдерді орындаумен қалай байланыстыратындығына байланысты.

Зерттеу үшін Макс Вебердің әлеуметтік іс-әрекет теориясының идеялары қызығушылық көрсетеді, оның контекстіндегі соңғы жастағы өмірлік ресурстардың әлеуметтік іске қосылуы, егделердің қоғамға инклюзиясы деген түсініктер білімдік және жеке білімдік технологиялар мен стратегиялардың механизмдеріне жүгінуді өзекті қылып отыр. Әлеуметтік іс-әрекет теориясы әлеуметтік шынайылықты мақсатты және субъективті саналы іс-әрекеттердің сферасы деп қарастырады, ол іс-әрекеттер адамның еркін жасампаз еркінде негізделген. «Ерік пен өзіндік сананың жалғыз иегері, адамның еншісі – болмай қалмайтын, шарасыз таңдау» – деп санады Вебер. Сөну ретіндегі қартаю мен кәдімгі өмір арасынан таңдау жасау барысында – егде адам өзін-өзі іске асыру мақсаттарын басшылыққа ала отырып, таразылайды және құндылықтар арасында өзінің ар-намысы және дүниетанымының әмірі негізінде таңдау жасайды. М. Вебер қалауларды әрбір нақты жағдайға байланысты ой елегінен өткізуге, адамдармен өзара қарым-қатынаста «өзінің іс-әрекетінің салдарын есте сақтауға шақырады». Әлеуметтік белсенділіктің мәні белсенділік пен іс-әрекеттің арақатынасын қарастырудан тыс анықталуы мүмкін емес. Әлеуметтік белсенділіктің көрсеткіші болып белгілі бір сапалы және сандық сипаттамалардың социуммен өзара байланысындағы іс-әрекеті саналады. Белсенділіктің ішкі қайнар көзі болып қажеттіліктер саналады.

Әлеуметтік белсенділіктің қозғайтын факторы болып барлық қажеттіліктер саналмайды, тек қана қанағаттандырылуы әлеуметтік мәнге

ие болып табылатындары, қоғамдық мүдделеге байланыстылары ғана. «Осы жерден, әлеуметтік белсенділік – бұл тұлғаның ерекше қажеттіліктер тобын қанағаттандыруға бағытталған саналы, өзіндік іс-әрекет және қоғамдық маңызды мәселелерді шешу» [10]. «Белсенділік» теориясының жақтаушылары Б. Нейгертен, Дж. Розен, қарт аламдар өздерінің әдетке айналған рөлдерімен айырылсқан сәтте, оларды «жоғалту» және «өзінің қоғамдағы қажетсіздігі» секілді сезімдер мазалайды деп есептейді; сонымен бірге жекелік адамгершілік сезіміне қысым жасалатындығы жайында айтады. «Өзіндік моральдік рух пен позитивтік сана сезіміне демеу беру үшін оларға белсенді әлеуметтік маңызды рөлдерді сомдау арқылы қоршаған адамдармен тіл табысып, жаңа еңбек түрімен айналысу қажет» [11]. И.А. Григорьева, В.Н. Келасьевицтің пікірлері бойынша, қарт адамдар белсенді еңбекпен, мейілі қоғамдық, отбасылық немесе өндірістік болсын, максималды ұзақ түрде шұғылданулары қажет екен. Кезкелген еңбек түрі, ақылы немесе тегін болсын, қарт адамның белсенділігін сақтауына септігін тигізеді.

Қартаюдың көптеген ерекшеліктері мен үрдістерінің күрделі байланысуы, олардың көрініс табуының әрқилылығы қартаю феноменінің әлеуметтік интерпретацияларының көптеген нұсқаларын бір мемлекет шеңберінде, сондай-ақ бүкіл әлемде туындатады және бұл өзінің әсерін қартаю теорияларының заманауи әрқелкілігінде табады.

Қарт адамдардың әлеуметтік тобы физикалық жағдайы мен жасы бойынша үлкен өзгеріске ұшыраған. Қарттардың әрбір санатында қоғам өміріндегі белсенділігі мен қатысушылығының, әлеуметтік енгізілуінің мүмкін боларлық максималды деңгейі және бұдан өзге өзіндік қажеттіліктері, құндылықтары мен қышығушылықтары, әлеуметтік шеттетілу қаупінің өзіндік деңгейі бар.

А.Е. Дергаевамен қарттардың әлеуметтік мәртебесінің құрылымын қарастырудың екі-жақты бірлестіктен: статустың қабылдануы мен қарттардың әлеуметтік жағдайынан құралған интегративті қадамы ұсынылған болатын. Қарттардың әлеуметтік статусының екі жағы келесідей деңгейлері қарастырылды:

Қабылдау үшін: 1.1 ғылыми-теориялық деңгейде (қартаю теориясы); 1.2 мемлекеттік саясат деңгейінде (мемлекетпен қарттардың қабылдануы, аталған әлеуметтік топқа қатысты әлеуметтік саясаттың бағыттарында табуы); 1.3 қоғамдық сана деңгейінде (адамдармен қарттық пен қарттардың, олардың қоғамдағы орындары

мен рөлдерінің қабылдануы және қарт адамдардың БАҚ-тағы бейнесі); 1.4 өзін-өзі анықтау (самоидентификация) деңгейінде (қарт адамның қарттыққа, қоғамдағы орнына және өзіне деген қарым-қатынасы).

Әлеуметтік жағдай үшін: 2.1 мемлекеттік саясат деңгейінде (жұмыспен, зейнетақымен, қарттардың әлеуметтік қорғаумен қамтылуы және т.б. салалардағы саясат; қарт адамдардың еңбек нарығындағы жағдайы, олардың материалдық ресурстарға және т.б. қолжетімділігі); 2.2 қоғам мен шағын топтар деңгейінде (қарт адамның отбасындағы және қоғамдағы рөлі); 2.3 қарт адамның деңгейінде (қарт адамның өзінің субъективті статусына сәйкес мінез-құлқы).

Қарттардың әлеуметтік статусының салыстырмалы түрде төмен болуының себебі қарттардың функционалдық маңыздылығының қоғам мен мемлекет алдында төменгі деңгейде болуыменен түсіндірілді.

Бір жағынан бұл қарт адамның статусының еңбекке қабілетті жастағы адаммен салыстырған кезде ғылыми бірлестік, мемлекет, қоғам және қарттың өзінің деңгейінде төмен орналасқанын қабылдаудан көрініс табады. Сондай-ақ егде жастағы адамдардың сипаттамасында, қарттар заманауи өзгерістерге бейімделе алмайтын және сәйкесінше, қоғамға пайда әкелмейтін әлеуметтік қорғаудың пассивті клиенті ретінде сипатталады.

Бірақ соңғы уақытта қарттарға деген көзқарас пен олардың қоғам өміріндегі функционалды қатынасуға деген потенциалының мойындалуы өзгеріске ұшырауда. Теоретикалық деңгейде аталған өзгеріс жүзеге асырылып қойған. Оң бағыттағы тенденциялар қарттардың мемлекетпен қабылдануын айғақтайтын қарттарға қатысты әлеуметтік саясаттың бағыттарын таңдау кезінде да байқалады.

Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, қарттардың қоғамдағы қабылдануы біркелкі емес. А.В. Писареваның зерттеуіне сәйкес (2001 жыл), сұралғандардың төрттен бір бөлігі қарттарды әлеуметтік дамудың кертартпасы ретінде есептесе, 78%-ы қарт адамдардан толық емес және әлеуметтік көмекке мұқтаж адамдардың бейнесін көреді. Алайда, 60%-ы қарттарды әлеуметтік белсенді өмірге тартуға тұрарлық потенциал ретінде қабылдайды. А.А. Смолькинаның зерттеу нәтижелері бойынша (2010 жыл), жастардың қарттарға қатысты негативті қарым-қатынасының бір себебі ретінде қарттардың жаңа шарттарға бейімделе алмауы мен тамырланып кеткен кедейшілікке негізделген белгілі бір мінез-құлық стилі көрініс алады (экономика, киіну әдебі, «жеңілдіктер үшін

күресі»). Т.В. Смирнованың зерттеу мәліметтеріне сәйкес (2008 жыл), респонденттер өздерін қарттардың негативті және деструктивті үрдістерін асыра сипаттауға бейім екендігімен көрсеткен. Қарттардың өзін-өзі қабылдауы, көп жағдайда олардың индивидуалды ерекшеліктерімен байланысты болады. Алайда, мемлекет ішінде және қоғамда қалыптасқан қарттық жасқа қатысты пікір қарттардың өзін-өзі айқындауына әсер етіп, олардың іс-әрекеттерінде, сәйкесінше, көрініс табады. Қарттықтың заманауи бейнесін қалыптастыруда медициналық түсініктеме мен кәріліктегі аурумен сәйкестендірілуі үлкен әсерін тигізеді.

Зейнетақы көлемінің ұлғаюына қарамастан, қарт адамдар өздерінің материалдық жағдайларын төмен және бастапқы мұқтаждықтарды қанағаттандыруға жеткіліксіз, ал өздерінің құқықтарын өзге тұрғындардың топарымен салыстырғанда қысымға ұшыраған күйде деп бағалауға бейім. Зерттеу мәліметтері бойынша, еңбекке қабілетті респонденттер тобы осы пікірмен өздерінің келісетіндіктерін айтады [12].

Қарттардың еңбек қызметін тоқтатқаннан кейінгі әлеуметтік статусының төмендеуі, табыс көлемінің төмендеуі және осының әсерінен әлеуметтік қарым-қатынастар мен белсенділіктің азаюы секілді әлеуметтік салдарларға алып келеді.

Мемлекеттің қарттарға қатысты көзқарасы мен жүргізіліп жатқан саясатының өзгеру тенденцияларына қарамастан қарттардың әлеуметтік жағдайы көп мәліметтерде төменгі немесе қанағаттанарлық деңгей ретінде бағаланады.

Қарттардың еңбек нарығындағы жағдайын олардың алып жатқан қызметтері мен кәсіби сфералары жағынан алып қарасақ әрқелкі болып келеді. Бір жағынан бұл жалақысы төмен және төменгі деңгейде мамандандырылған вахтер, киім жинаушы секілді кәсіптер болса, екінші жағынан, жоғарғы деңгейде мамандандырылған, бірақ көп жағдайда жалақы көлемі төмен болып келетін, мұғалімдер, оқытушылар, ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері секілді қызмет орындарын құрайды.

Қоғамдағы қарттардың рөлі мен оларды қабылдау үрдісінің салдары қарттардың мінез-құлқына тікелей әсерін тигізеді. Қарттықтың ауру ретіндегі стереотипті бейнесі қарттардың өздерінің белсенділігінің, қызмет және тұтыну сфераларының саналы түрде шектелуіне алып келеді.

Алайда қартаю үрдісі индивидуалды болып келеді, қарт адамның бір әлеуметтік статустан

екіншіге өтуінің шекарасы ретінде оның қызметінің тоқтаған кезеңін алып көрсетуге болады. Төменгі әлеуметтік жағдай мен әлеуметтік статус, физикалық функционалдық пен әлеуметтік қытынастардың интенсивтілігінің төмендеуі түбінде қарттардың әлеуметтік шеттетілуіне алып келеді.

Қарттық жастағы әлеуметтік бейімделу келесідей салаларда: өмірдің жаңа кезеңі мен өзін қарт адамның ролінде қабылдау кезінде; өмірдің өзгеріске ұшыраған кезеңіне бейімделу (әсіресе, қызметін тоқтатқаннан кейін), өмірдің бұрынғы бейнесінде өмір сүру немесе жаңа әлеуметтік орталарға сәтті ену, қоғамдағы жылдам өзгерістерге деген уақытылы әрекет ете білу қабілетін көрсету секілді кезеңдерінде қажет.

Сәтті әлеуметтік бейімделуге адамның әлеуметтік құзыреттілігі септігін тигізеді. Қарт адамдардың әлеуметтік құзыреттілігінің спецификасы олардағы келесідей элементтердің болуымен айқындалады:

- білімнің: қарттық жас пен қартаюдың ерекшеліктері, өздерінің құқықтары мен мүмкіндіктері жайында болуы;

- қабілеттері мен икемдерінің: тіл табысуы мен қарым-қатынастарды сақтауы, өз уақыты мен бос уақытын ұйымдастыруы, денсаулығы мен белсенділігін, қоғамдағы жаңа өзгерістерге уақытылы бейімделуін қамтамасыз ету кезінде көрініс табуы;

- әлеуметтік рефлексияның орын алған оқиғаның қалыпты бағалау құралы ретінде қолданылуы.

Қарттық жастағы әлеуметтік құзыреттіліктің орын алуы астарында «денсаулықты, қоғам өміріндегі қатынасуы және адамның өмірінің қартаю кезеңінде жақсарту мақсатында қорғалуын қамтамасыз ету мүмкіндіктерін жақсарту үрдісі» жатқан белсенді қарттықпен түсіндіріледі [13].

Әдебиеттегі қолданылатын терминдерді талдай келе («белсенді қартаю», «белсенді ұзақ өмір») А.Е. Дергаева жаңартылған түсінікті енгізу маңыздылығы туралы қорытындыға келе отырып «егделік жастағы өмірлік белсенділік» терминін ұсынды. Шынында да, «қарттық» терминін «егделік жас» терминіне өзгерту түсінікті өзі сипаттайтын феноменмен айтарлықтай сәйкестендіреді. Бұдан бөлек, қазіргі кезде әдебиетте белсенді қарттық нақты айтқанда егде адамдардың мәселелері контекстінде көптеп қарастырылуда. Жақын арада А.Е. Дергаева егде жастағы өмірлік белсенділіктің моделін ұсынды.



1-сурет – Егде жастағы өмірлік белсенділік моделі

Сонымен, қазіргі замандық жағдайларда егде жастағы адамдардың әлеуметтік шеттетілуі қаупі айтарлықтай жоғары болып отыр. Сәтті түрде әлеуметтік бейімделу үшін қарияларға қарттық жаста, сонымен қатар өмірлік белсенділікте көрініс табатын әлеуметтік құзырлылық қажетті болып табылады.

А.Е. Дергаеваның жүргізген зерттеу бойынша қарт адамдардың субъективті әлеуметтік статусы келесі факторларға тәуелді: кәсіби қызметке қатысу, денсаулық жағдайы, белсенділік деңгейі, жақын туыстардың болуы, психологиялық күйге келу. Субъективті статустың ең жоғары көрсеткіштері 70-тен жас болып келетін жұмыс жасайтын адамдарда байқалды. Олар көбіне өздерін толықтай еңбекке қабілетті азаматтар қатарына жатқызады және бұл олардың қоршаған орта шынайылығына деген қатынасынан көрінеді. Төменгі субъективті статусты жасқа тәуелсіз ауру адамдар иеленеді. Олар өздерін және әлемді кара түнекте көреді және олардың өмірі қызықты жағдайлармен аз қамтылған. 70 жастан жоғары денсаулығы сақталған адамдардың субъективті статусы көп жағдайда олардың рухани ниетімен және қызметтері интенсивтілігімен байланысты.

70-тен жас болып келетін адамдар өздерін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінеді және әлеуметтік шеттетілудің айтарлықтай тәуекелділігін сезбейді. 70 жастан асқан белсенді егде жастағы адамдар денсаулыққа қатысты шектелуден тыс өздерінің әлеуметтік статустарының төмендеп келе жатқанын түсінеді. Ал әлеуметтік контактілер шеңберінің тарылуы және денсаулықтың нашарлауы әлеуметтік шеттетілу тәуекелділігіне алып келеді.

Денсаулығының шектелуіне байланысты үйден шыға алмайтын көптеген егде жастағы адамдар өздерінің әлеуметтік шеттетілуі, жалғыздығы туралы айтады. Оның себебі ретінде қоғамда толыққанды өмір сүруге кедергі келтіретін денсаулық жағдайының нашарлығын айтады.

Қорытынды

Егде жастағы адамдардың әлеуметтік мәртебесі олар зейнетақылық жасқа жеткен кезде емес, оладың еңбек қызметін тоқтатқан кезде төмендей бастайды. Шынында, жұмыс жасауды жалғастыратын адамдар өздерінің соңғы иеленген субъективті мәртебелерінің, контактілерінің және белсенділіктің деңгейін ұзақ уақыт бойы сақтайды. Сондай-ақ қарт адамдарға деген қоршаған ортадағы адамдар қатынасының өзгергендігі. Олар қоғамның еңбекке қабілетті мүшелерінің құқықтарын пайдаланады және көп жағдайда өздерін қартайып жатқан адамдар категориясына қоспайды. Белгілі бір себептермен еңбек қызметінен кеткен егде адамдар зейнеткерлер категориясына өтеді. Бұл жағдай бір жағынан олардың материалдық жағдайына және контактілер интенсивтілігіне әсер етсе, бір жағынан субъективті мәртебесіне де әсер етеді.

Қарт адамдардың әлеуметтік компетенттілігінің ерекшелігі келесі критерийлермен анықталады: кәріліктегі өзіне деген қатынасы; өзінің құқықтары мен мүмкіндіктерін білуі; олардың белсенділік деңгейі; қазіргі замандық өмір жағдайларына бейімделуге деген талпыныс.

Егде жастағы адамдардың әлеуметтік шеттетілуіне қарсы профилактикалық жолдардың барлығының негізінде қарттардың әлеуметтік мәртебесін көтеру жатыр. Осы мақсатқа жету үшін барлық деңгейде күш жұмсау қажет. Жұмыс егделік жасқа деген қатынасты өзгертуден басталуы абзал. Бұл жағдай ғылыми ортада орын алып онды тенденциялар әлеуметтік саясат деңгейінде байқалады. Айтылған тенденцияларға демеу беріп, оларды қо-

ғамдық сана және сол егде адам санасы деңгейінде дамыту қажет. Әлеуметтік саясат қоғам игілігі үшін қарт адамдар потенциалын ашып дамытуға көңіл бөлуі өте маңызды болып табылады. Егер қоғам және мемлекет қарт адамдардан қолданылмаған потенциал көретін болса, онда, сәйкесінше егде жастағы адамдарды қоғамның толыққанды қоғам мүшесі ретінде, әрі оның дамуына жағдай жасаушылар ретінде қабылдайтын болады.

Әдебиеттер

- 1 Волков Ю.Г., Добренков В.И., Нечипуренко В.Н., Попов А.В. Социология – М., «Гардарика», 2007.
- 2 Григорьева И.А. Социальное исключение пожилых людей и возможности его преодоления // Актуальные проблемы социальной работы / ред. Бородкиной О.И., Григорьевой И.А. – СПб: Скифия-Принт, 2005 – С.208-224
- 3 Малеева Т. Синявская О. Модели занятости пенсионеров // ДемоскопWeekly. URL: <http://demoscope.ru/weekly/2008/0341/tema04.php>.
- 4 Рогозин Д.М. Либерализация старения, или труд, знания и здоровье в старшем возрасте // Социологический журнал – М., 2012 №4 – С. 62-90
- 5 Корель Л.В. Социология адаптаций – Новосибирск: Наука, 2005 – С. 30-49
- 6 Health and aging: a discussion paper // ВОЗ
- 7 Зобов Р.А., Келасьев В.Н. Социальное здоровье и социализация человека – СПб.: Химиздат, 2005 – С.19-33
- 8 Григорьева И. А. Старость и старение: основные определения / Пожилые человек в обществе. Сборник статей под редакцией И.А.Григорьевой – СПб.: Изд-во «Европейский дом», 2010. С.6
- 9 Григорьева И. А. Старость и старение: основные определения / Пожилые человек в обществе. Сборник статей под редакцией И.А.Григорьевой – СПб.: Изд-во «Европейский дом», 2010. С.23
- 10 Серегин А. Н., Подходы к исследованию социальной активности. / Тезисы докладов III Всероссийского социологического конгресса. – М.: Институт социологии РАН, 2008. / (официальный сайт Института социологии РАН)
- 11 Смелзер Н. Социология. – М. Феникс. 1994. С. 375.
- 12 Ржаницына Л.С. Как живут пенсионеры сегодня? // Социологические исследования – М., 2012 №4 – С. 98-109
- 13 Health and aging: a discussion paper // Всемирная Организация Здравоохранения.

References

- 1 Volkov Y. G., Dobrenkov V. I., Nechipurenko, V. N., Popov A. V. Sociology – M., Gardarika, 2007.
- 2 Grigoriev I. A. Social exclusion of older people and the possibility of overcoming the // Actual problems of social work / edited by Borodkina O. I., Grigorieva, I. A. – St. Petersburg: Scythia-Print, 2005 – P. 208-224
- 3 Maleeva T. O. Sinyavskaya model of employment of pensioners // ДемоскопWeekly. URL: <http://demoscope.ru/weekly/2008/0341/tema04.php>.
- 4 Rogozin, D. M. Liberalization of aging, or labor, knowledge and health in older age // Sociological journal – M., 2012 No. 4, Pp. 62-90.
- 5 L. V. Korel Sociology adaptations – Novosibirsk: Nauka, 2005 – P. 30-49
- 6 Health and aging: a discussion paper // World Health Organization.
- 7 Zobov R.A., Kalashev V. N. Social health and socialization of man – SPb.: Hemostat, 2005 – P. 19-33
- 8 Grigoriev I.A. Senility and aging: basic definitions / Elderly people in society. The collection of articles edited by I. A. Grigorieva – SPb.: Publishing house of the «European house», 2010. S. 6
- 9 Grigoriev I.A. Senility and aging: basic definitions / Elderly people in society. The collection of articles edited by I. A. Grigorieva – SPb.: Publishing house of the «European house», 2010. С. 23
- 10 Seregin, A.N., Approaches to the study of social activity. / Book of abstracts of the III all-Russian sociological Congress. – M.: Institute of sociology of the Russian Academy of Sciences, 2008. / (official website of the Institute of sociology, RAS)
- 11 Smelser N. Sociology. – M. Phoenix. 1994. S. 375
- 12 Rzhanicyna HP As pensioners live today? // Sociological research., 2012 No. 4, Pp. 98-109
- 13 Health and aging: a discussion paper // World Health Organization.